



Қасбеттік тегістегіш

ӨНІМНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Акрил сополимері бар кремний органикалық, су негізіндегі қасбеттік тегістегіш.

СИПАТТАМАЛАРЫ

Бояу мен бет арасында байланыстырушы қабат ретінде әрекет етеді, жабысуды жақсартып, бояу шығынын азайтады. Жағылған бояудың бетке бірқалыпсыз сіңуін болдырмайды.

ЖАҒЫЛАТЫН БЕТТЕР

Fawori Exterior Primer қасбеттік тегістегіші өңделмеген бетонды, тегіс және кедір-бұдыр сыланған беттерді, минералды негіздегі материалдармен қапталған беттерді, сондай-ақ өңіп кеткен, бірақ беріктігін сақтаған силикон немесе акрил негізіндегі ескі боялған беттерді өңдеуге арналған.

ЖАҒУ ӘДІСІ

Жағылатын беттің берік, құрғақ, таза және тұрақты екеніне көз жеткізіңіз. Барлық дақтарды, шаңды, майды және борпылдақ қабаттарды алып тастаңыз. Бетонға, өңделмеген бетонға немесе жаңадан сыланған беттерге жағу кезінде қату мерзімін (28 күн) күтіп, қабыршақтанған сылақ бөлшектерін қырғышпен немесе басқа да ұқсас тәсілдермен тазалаңыз. Қажет болған жағдайда бетті тегістеп, қабырғаның жарықтарын тығындаңыз. Бояуға кіріспес бұрын сәйкес тегістегішті жағу қажет. Ыстық ауа райында таңғы 10-нан кешкі 4-ке дейін жұмыс жасаудан аулақ болу ұсынылады. Бояуды көлеңкеде тұрған қабырғаларға жағу ұсынылады. Қоршаған орта мен бет температурасының +5°C-тан +30°C дейінгі диапазонда сақталуын қамтамасыз етіңіз, сондай-ақ бетті кез келген жауын-шашыннан, шықтан және қыраудан қорғаңыз.

Біздің өніміміз 30.06.2007 ж. № 26568 Жалпы техникалық құрылыс нормаларына сәйкес салынған негіз беттеріне жағуға жарамды.

Ауасыз шашыраутды қолданған кезде:

Қысым: 120-140 бар

Шүмектің көлбеулену бұрышы: 50°

Шүмектің өлшемі (дюймдер): 0.013”

Сұйылту: 5%

СҰЙЫЛТУ

Қылшақпен және білдекпен жағу кезінде таза сумен ең көп дегенде 10% сұйылтыңыз, ал бүріккішпен жағу кезінде – ең көп дегенде 5%

КЕПТІРУ УАҚЫТЫ (20°C температурада және 65% салыстырмалы ылғалдылықта):

Тегістегіш кептіру уақыты: 6–8 сағат.

МАТЕРИАЛ ШЫҒЫНЫ

Бояу жағылатын беттің түріне, сіңіргіштік қабілетіне және құрылымына байланысты 1 кг грунтовкамен 4,5–7,5 м² ауданды бір қабатпен жабуға болады. Дәл шығын мөлшерін анықтау үшін сынамалық жағу жүргізу ұсынылады.



САҚТАУ

Өнімді ашылмаған қаптамада 3 жыл бойы құрғақ және салқын жерде, суықтан және тікелей күн сәулесінен алыс сақтауға болады. Қолданғаннан кейін қақпақты мықтап жабыңыз.

ҚАПТАМА

9 л, 5 л, 2,5 л

ЕСКЕРТПЕ ЖАЗУЫ

Абайлаңыз

ҚАУІПТІ ӘСЕР ТҮРЛЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

H317 Теріде аллергиялық реакция тудыруы мүмкін.

ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

P101 Дәрігерге жүгінген кезде өзіңізбен бірге өнімнің қаптамасы немесе затбелгісі болуы керек.

P102 Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

P103: Қолданар алдында жапсырмадағы мәтінді оқыңыз.

P261 Шаңмен/ түтінмен/ газбен/ тұманмен/ бумен/ аэрозольмен тыныстаудан алудан аулақ болыңыз.

P280 Қорғаныс қолғаптарын / қорғаныс киімдерін пайдаланыңыз. Көзді/ бетті қорғаңыз.

P333+P313: Егер терінің тітіркенуі немесе қызаруы пайда болса медициналық көмекке жүгініңіз.

P501 Мазмұнын / қаптаманы жергілікті / аймақтық / ұлттық / халықаралық нұсқауларға сәйкес жою қажет.

**Позиция нөмірі**

27.560/1.25, 03/2, 25.048/13, 27.560/7

Тариф нөмірі

04.472, 04.472/1

Осы техникалық паспорт қалыпты жағдайларда жүргізілген зертханалық зерттеулердің деректері негізінде дайындалды. Жоғарыда көрсетілмеген қосымша ақпарат алу үшін техникалық персоналмен байланысуыңызды сұраймыз. Басқа жағдайда, өндіруші компания жеткіліксіз ақпарат алу нәтижесінде туындаған ақаулар үшін жауапкершілік алмайды. Біздің компания ұсынылған ақпаратта өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Осы өнім «Betek A.Ş.» Акционерлік қоғамы тарапынан стандарттар талаптарына сәйкестігі туралы сертификатпен дайындалды

TS ISO / IEC TS EN ISO 9001, TS EN ISO 14001, TS 18001, TS EN ISO 50001, TS ISO 10002, TS ISO/IEC 27001.

2020 жылғы 3 наурыздағы редакция.